



Professional HEAVY DUTY GAS 18V-1

Robert Bosch Power Tools GmbH
70538 Stuttgart
GERMANY

www.bosch-pt.com

1 609 92A 6TM (2026.08) TAG / 13



1 609 92A 6TM




kk Пайдалану нұсқаулығының
түпнұсқасы





Қазақ Бет 7



<https://eu-doc.bosch.com/>


A1

A2



B




F1



F2



G



Қазақ

Еуразия экономикалық одағына (Кеден одағына) мүше мемлекеттер аумағында қолданылады



Сәйкестікті растау туралы
ақпаратты мына жерден табуға
болады:
<https://eac-documents.bosch.com/>

Өнімді өндірген мемлекет туралы ақпарат және
өндірілген мерзімі өнімнің корпусында көрсетілген.
Импорттерге қатысты байланыс ақпарат өнім
қаптамасында көрсетілген.

Өнімді пайдалану мерзімі

Өнімнің қызмет ету мерзімі 7 жыл. Өндірілген мерзімнен
бастап (өндіру күні зауыт тақтайшасында жазылған)
істетпей 5 жыл сақтағаннан соң, өнімді тексерусіз
(сервистік тексеру) пайдалану ұсынылмайды.

Қызметкер немесе пайдаланушының қателіктері мен істен шығу себептерінің тізімі

- тұтқасы мен корпусы бұзылған болса, өнімді
пайдаланбаңыз
- өнім корпусынан тікелей түтін шықса, пайдаланбаңыз
- тоқ сымы бұзылған немесе оқшаулаусыз болса,
пайдаланбаңыз
- жауын –шашын кезінде сыртта (далада)
пайдаланбаңыз
- корпус ішіне су кірсе құрылғыны қосушы болмаңыз
- көп ұшқын шықса, пайдаланбаңыз
- қатты діріл кезінде пайдаланбаңыз

Шекті күй белгілері

- тоқ сымның тозуы немесе зақымдануы
- өнім корпусының зақымдалуы

Қызмет көрсету түрі мен жиілігі

Әр пайдаланудан соң өнімді тазалау ұсынылады.

Сақтау

- құрғақ жерде сақтау керек
- жоғары температура көзінен және күн сәулелерінің
әсерінен алыс сақтау керек
- сақтау кезінде температураның кенет ауытқуынан
қорғау керек
- орамасыз сақтау мүмкін емес
- сақтау шарттары туралы қосымша ақпарат алу үшін
MEMCT 15150-69 (шарт 1) құжатын қараңыз

Тасымалдау

- тасымалдау кезінде өнімді құлатуға және кез келген
механикалық ықпал етуге қатаң тыйым салынады
- босату/жүктеу кезінде пакетті қысатын машиналарды
пайдалануға рұқсат берілмейді.

– тасымалдау шарттары талаптарын MEMCT 15150-69
(5 шарт) құжатын оқыңыз.

Сорғыш үшін қауіпсіздік нұсқаулары



**Барлық қауіпсіздік нұсқаулықтарын және
ескертпелерді оқыңыз.** Техникалық
қауіпсіздік нұсқаулықтарын және
ескертпелерді сақтамау тоқтың соғуына, өрт
және/немесе ауыр жарақаттануларға алып келуі мүмкін.
**Болашақ жұмыстар үшін қауіпсіздік нұсқаулықтары
мен ескертпелерді сақтап қойыңыз.**

► **Бұл шаңсорғыш балалардың, дене немесе ой
қабілеттері шектелген, тәжірибесі және білімі аз
адамдардың пайдалануына арналмаған.** Кері
жағдайда дұрыс пайдаланбау және жарақаттанулар
қауіпі пайда болады.

► **Балаларға абай болыңыз.** Балалардың
шаңсорғышпен ойнамауына көз жеткізіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ **Ешқандай денсаулыққа зиянды
заттектерді, мысалы, шамшат
немесе емен шандарын, тас шандарын, асбестті
шаңсормаңыз.** Бұл заттектер канцерогенді болып
табылады. Еліңізде денсаулыққа зиянды шандар
бойынша қолданылатын ереже/заңдар туралы мәлімет
алыңыз.

► **Шаңсорғышты тек оны пайдаланус туралы
жетерлік мәлімет алғаннан соң ғана
пайдаланыңыз.** Нұсқаулықтарды дәл орындау
орынсыз пайдалану мен жарақаттануларды азайтады.

⚠ ЕСКЕРТУ **Сорғыш құрғақ заттектерді
соруға арналмаған.** Сұйықтықтар
тиюі тоқ соғу қаупін арттырады.

► **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Шаңсорғышты тек ішкі
бөлмелерде пайдалану арқылы сақтауға
болады.** Шаңсорғыштың жоғары жағына жаңбырдың
немесе ылғалдың тиюі тоқ соғу қаупін арттырады.

► **Жұмыс орнының жақсы желдетілуіне көз
жеткізіңіз.**

► **Шаңсорғышты тек білікті маманға және арнаулы
бөлшектермен жөндегіңіз.** Сол арқылы шаңсорғыш
қауіпсіздігін сақтайсыз.

► **Пайдалану алдында сорғыш шлангтың ақаусыз
болуына көз жеткізіңіз. Шаң таралмауы үшін
сорғыш шлангы шаңсорғышқа қосулы тұрсын.**
Шанды жұтып жіберу мүмкін.

► **Шаңсорғышты тікелей бағыттылған су ағынымен
тазаламаңыз.** Шаңсорғыш жоғарғы бөлігінің ішіне су
кірсе, ол электр тоғының соғу қаупін арттырады.

► **Аккумуляторды өзгертпеңіз және ашпаңыз.** Қысқа
тұйықталу қаупі бар.

► **Аккумулятор зақымдалған немесе дұрыс
пайдаланылмаған жағдайда, одан бу шығуы
мүмкін. Аккумулятор жанып немесе жарылып
қалуы мүмкін.** Таза ауа ішке тартыңыз және

шағымдар болса, дәрігердің көмегіне жүгініңіз. Бу тыныс алу жолдарын тітіркендіруі мүмкін.

- ▶ **Аккумулятор дұрыс пайдаланылмаған немесе зақымдалған жағдайда, аккумулятордан сұйықтық ағуы мүмкін. Оған тиіменіз. Кездейсоқ теріге тигенде, сол жерді сумен шайыңыз. Сұйықтық көзге тисе, медициналық көмек алыңыз.**

Аккумулятордағы сұйықтық теріні тітіркендіруі немесе күйдіруі мүмкін.

- ▶ **Шеге немесе бұрауыш сияқты ұшты заттар немесе сыртқы әсер арқылы аккумулятор зақымдануы мүмкін.** Бұл қысқа тұйықталуға алып келіп, аккумулятор жануы, түтін шығаруы, жарылуы немесе қызып кетуі мүмкін.

- ▶ **Пайдаланылмайтын аккумуляторды түйіспелерді тұйықтауы мүмкін қыстырғыштардан, тиындардан, кілттерден, шегелерден, винтерден және басқа ұсақ темір заттардан сақтаңыз.**

Аккумулятор түйіспелерінің арасындағы қысқа тұйықталу күйіктерге немесе өртке әкелуі мүмкін.

- ▶ **Аккумуляторды тек өндіруші өнімдері үшін пайдаланыңыз.** Сол арқылы аккумуляторды қауіпті, артық жүктеуден сақтайсыз.

- ▶ **Аккумуляторлық батареяны тек өндіруші көрсеткен зарядтау құрылғысымен зарядтаңыз.** Зарядтау құрылғысы белгілі бір аккумуляторлар түріне арналған, оны басқа аккумуляторларды зарядтау үшін пайдалану өрт қаупін тудырады.



Аккумуляторды жылудан, сондай-ақ, мысалы, үздіксіз күн жарығынан, оттан, кірден, судан және ылғалдан қорғаңыз. Жарылыс және

қысқа тұйықталу қаупі туындайды.

- ▶ **Ешқандай ыстық немесе жанатын шаңдарды және жарылыс қаупі бар бөлмелерде шаңсормамңыз.** Шаң оңай тұтануы немесе жарылуы мүмкін.

Өнім және қуат сипаттамасы

Пайдалану нұсқаулығының алдыңғы бөлшегінде берілген суреттерге назар аударыңыз.

Тағайындалу бойынша қолдану

Шаңсорғыш денсаулыққа зиянды емес және құрғақ заттектерді соруға және сорып шығаруға арналған. Шаңсорғышты тек барлық қызметтерді толық бағалап, шектеусіз орындай алатын болғанда немесе тиісті нұсқаулықтарды алғаннан соң пайдалану керек.

Rotational Airflow

Қапсыз сүзгі жүйесі шаң қаптарын пайдаланудан сақтайды. Лас контейнердің ішкі қабырғасында жиналады.

Көрсетілген құрамды бөлшектер

Көрсетілген құрамдас бөліктердің нөмірлері суреттері бар беттердегі шаңсорғыштың сипаттамасына негізделген.

- (1) Тұрпайы тазарту сүзгісі
- (2) Шаң жинағышты босату түймесі
- (3) Қосу-өшіру түймесі
- (4) Аккумулятор^{a)}
- (5) Қозғалтқыш корпусы
- (6) Шаң жинағыш
- (7) Қалдықтар жапқышын босату түймесі
- (8) Қалдықтар жапқышы
- (9) Ұзартқыш құбыр
- (10) Еден қондырмасы
- (11) Батареяны орнату
- (12) Аккумуляторды босату түймесі^{a)}
- (13) Саңылау қондырмасы
- (14) икемді ұзартқыш түтік
- (15) Сүзгі тұтқалары
- (16) Сүзгі
- (17) (16) сүзгісі бар айналмалы ауа ағыны
- (18) Сүзгілер бекіткіштері
- (19) Кронштейн^{a)}

a) Бейнеленген құрамдас бөлшектер стандарттық жеткізу көлеміне кірмейді.

Техникалық мәліметтер

Аккумуляторлық құрғақ шаңсорғыш		GAS 18V-1
Өнім нөмірі		3 601 JC6 2..
Резервуар көлемі (брутто)	л	0,7
Вакуум ^{A)}	кПа	6
Өткізу көлемі ^{A)}	л/с	10
Салмағы ^{B)}	кг	1,3
Зарядтау кезінде ұсынылатын қоршаған орта температурасы	°C	0 ... +35
Жұмыс кезінде ^{C)} және сақтау кезінде рұқсат етілетін қоршаған орта температурасы	°C	-20 ... +50
Үйлесімді аккумуляторлар		GBA18V... GBA 18V... ProCORE18V... EXPERT18V... EXBA18V... CORE18V...
Ұсынылатын аккумуляторлар		GBA18V... GBA 18V... ProCORE18V... EXPERT18V... EXBA18V...

Аккумуляторлық құрғақ шаңсорғыш		GAS 18V-1
		CORE18V... ≤ 8 Ah
Ұсынылатын зарядтағыш құрылғылар		GAL18...
		GAL 18...
		GAL 36...
		GAL12V/18...
		GAL 12V/18...
		GAX 18... EXAL18...

- A) пайдаланған аккумуляторға байланысты
 B) Аккумуляторсыз (аккумулятор салмағын www.bosch-professional.com веб-сайтында қараңыз)
 C) температура < 0 °C болғанда жұмыс күші шектелген көлемде болады

Мәндер өнімге байланысты өзгешеленуі мүмкін, сондай-ақ пайдалану және қоршаған орта шарттарына бағынуы мүмкін. Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша қараңыз: www.bosch-professional.com/wac.

Шуыл және діріл туралы ақпарат

EN 60335-2-69 бойынша есептелген шуыл эмиссиясының көрсеткіштері.

Сорғыштың амплитуда бойынша есептелген дыбыстық қысым деңгейі әдетте **73 дБ(А)** құрайды. К дәлсіздігі = **2 дБ**. Шуыл деңгейі жұмыс барысында белгіленген шамадан асып кетуі мүмкін. **Құлақ қорғанысын тағыңыз!**

EN 60335-2-69 бойынша есептелген теңселу мәндері a_h (үздіксіз діріл), r_f (қайталанатын соқпа діріл) және К дәлсіздігі:

$a_h = 0,6 \text{ м/с}^2$ ($K = 1,5 \text{ м/с}^2$), $r_f = 17 \text{ м/с}^2$ ($K = 1 \text{ м/с}^2$)

Аккумулятор

Bosch компаниясы аккумуляторлық электр құралдарын аккумуляторсыз да сатады. Электр құралыңыздың жеткізілім жиынтығында аккумулятордың бар-жоғын қаптауыштан біліп алуға болады.

Аккумуляторды зарядтау

► **Тек техникалық мәліметтерде жазылған зарядтау құралдарын пайдаланыңыз.** Тек қана осы зарядтау құралдары сіздің сорғышыңыздың ішінде литий-иондық аккумулятормен сәйкес.

Нұсқау: аккумулятор ішінара зарядталған күйде жеткізіледі. Аккумулятордың толық қуатын пайдалану үшін оны алғаш рет пайдаланудан алдын толық зарядтаңыз.

Литий-иондық аккумуляторды пайдалану мерзімін қысқартусыз кез келген уақытта зарядтауға болады. Зарядтау процесін ұзу аккумулятордың зақымдалуына әкелмейді.

Литий-иондық аккумулятор "Electronic Cell Protection (ECP)" (электрондық элементтерді қорғау) арқылы терең заряд жоғалтудан қорғалған. Аккумулятор босағанда аккумуляторлық шаңсорғыш сақтағыш өшіргіш арқылы өшіріледі.

► **Сорғыш автоматты түрде өшкеннен кейін, қосу/өшіру түймесін бұдан былай баспаңыз.** Аккумулятор зақымдалуы мүмкін.

Аккумуляторды енгізу

Зарядталған аккумуляторды аккумулятор бекіткішіне тірелгенше енгізіңіз.

Аккумуляторды шығару

Аккумуляторды шығару үшін аккумуляторды босату түймесін басыңыз және аккумуляторды электр құралынан тартып шығарыңыз. **Бұл ретте күш салмаңыз.**

Аккумуляторда, аккумуляторды босату түймесі байқаусызда басылып кеткенде, оның түсіп кетуінен қорғайтын 2 құлыптау деңгейі бар. Аккумулятор сорғышқа орнатулы болса, оны өз орнында серіппе ұстап тұрады.

Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы

Нұсқау: әр аккумулятор түрінде заряд деңгейінің индикаторы болмайды.

Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторындағы жасыл түсті жарық диодтары аккумулятордың заряд деңгейін көрсетеді. Қауіпсіздік тұрғысынан заряд деңгейін сору құралының жұмыссыз күйінде ғана шақыруға болады.

Заряд деңгейін көрсету үшін заряд деңгейінің индикаторына арналған ☺ немесе 🔋 түймесін басыңыз. Мұны аккумулятор шығарылғанда да орындауға болады.

Заряд деңгейінің индикаторына арналған түймені басқаннан кейін, ешқандай жарық диоды жанбаса, бұл аккумулятордың ақаулы және оны ауыстыру керек екендігін білдіреді.

Аккумулятор түрі GBA 18V... | GBA18V...



Жарық диоды	Қуаты
Үздіксіз жарық 3× жасыл	60–100%
Үздіксіз жарық 2× жасыл	30–60%
Үздіксіз жарық 1× жасыл	5–30%
Жыпылықтайтын жарық 1× жасыл	0–5%

Аккумулятор түрі ProCORE18V... | EXPERT18V... | EXBA18V... | CORE18V...



Жарық диоды	Қуаты
Үздіксіз жарық 5× жасыл	80–100%
Үздіксіз жарық 4× жасыл	60–80%
Үздіксіз жарық 3× жасыл	40–60%
Үздіксіз жарық 2× жасыл	20–40%
Үздіксіз жарық 1× жасыл	5–20%

Жарық диоды	Қуаты
Жыпылықтайтын жарық 1 × жасыл	0–5%

Аккумулятордың бұзылу қаупін анықтау

EXPERT18V... | EXBA18V...

Аккумулятор заряды деңгейі индикаторының жарық диодтары аккумулятордың заряд деңгейіне қоса аккумулятордың бұзылу қаупін де көрсете алады.

Функцияны іске қосу үшін заряд деңгейінің индикаторына арналған түймені  3 секунд басып тұрыңыз. Аккумуляторды талдау процесі туралы аккумулятор заряды деңгейі индикаторының жылжымалы жарығы сигнал береді. Нәтиже аккумулятор заряды деңгейінің индикаторында көрсетіледі.

 **1 жарық диоды:** аккумулятордың бұзылу қаупі жоғары. Қуат пен жұмыс істеу уақыты айтарлықтай азаюы мүмкін. Аккумуляторды алмастыруға кеңес беріледі.

 **5 жарық диоды:** аккумулятор жақсы күйде және бұзылу қаупі төмен.

Назар аударыңыз: аккумулятордың бұзылу қаупін бағалау әрекеті екі кезең бойынша орындалады және аккумулятор күйін бағалаудың жеңілдетілген әдісін ұсынады. Аккумулятор не жақсы күйде болып бағаланады, не қатты бұзылу қаупіне ие болады. Батарея заряды деңгейінің пайызы көрсетілмейді.

Аккумуляторды оңтайлы пайдалану туралы нұсқаулар

Аккумуляторды сұйықтықтардан және ылғалдан қорғаңыз.

Аккумуляторды тек –20 °C ... 50 °C температура ауқымында сақтаңыз. Аккумуляторды жазда көлікте қалдырмаңыз.

Аккумулятордың желдету тесігін жұмсақ, таза және құрғақ қылшақпен мұқият тазалаңыз.

Пайдалану мерзімінің айтарлықтай қысқаруы аккумулятордың ескіргенін және ауыстыру керектігін білдіреді.

Қоқыстарды қайта өңдеу туралы нұсқауларды орындаңыз.

Монтаждау

► **Шаңсорғышқа қызмет көрсету немесе оны тазалаудан, құрылғыны ретегеннен, жабдықтарды алмастырудан немесе шаңсорғышты сақтауға қоюдан алдын аккумуляторды шығарып қойыңыз.** Осы сақтық шарасы шаңсорғыштың байқаусыз қосылуына жол бермейді.

Сору керек-жарақтарын орнату (В суретін қараңыз)

► **Шаңсорғышқа қызмет көрсету немесе оны тазалаудан, құрылғыны ретегеннен, жабдықтарды алмастырудан немесе шаңсорғышты сақтауға**

қоюдан алдын аккумуляторды шығарып қойыңыз. Осы сақтық шарасы шаңсорғыштың байқаусыз қосылуына жол бермейді.

Сору керек-жарақтарын тікелей шаң жинағыш қаппен (6) бірге жалғауға болады.

Әртүрлі сору керек-жарақтарын біріктіру мүмкіндіктерін суреттен қараңыз.

– Сору керек-жарақтарын шаң жинағыш қаптағы (6) жалғағышқа және бір-біріне енгізіңіз.

Пайдалану

► **Шаңсорғышқа қызмет көрсету немесе оны тазалаудан, құрылғыны ретегеннен, жабдықтарды алмастырудан немесе шаңсорғышты сақтауға қоюдан алдын аккумуляторды шығарып қойыңыз.** Осы сақтық шарасы шаңсорғыштың байқаусыз қосылуына жол бермейді.

Қолданысқа енгізу

► **Сорудан алдын сүзгі қатты орнатылғанын тексеріңіз.**

► **Тек зақымдалмаған сүзгіні (сызатсыз, тесіксіз және т.б.) пайдаланыңыз. Зақымдалған сүзгіні дереу алмастырыңыз.**

Ажыратқыш

- Шаңсорғышты **қосу** үшін қосу/өшіру түймесін (3) басыңыз.
- Шаңсорғышты **өшіру** үшін қосу/өшіру түймесін (3) қайтадан басыңыз.

Техникалық күтім және қызмет

Техникалық қызмет көрсету және тазалау

► **Шаңсорғышқа қызмет көрсету немесе оны тазалаудан, құрылғыны ретегеннен, жабдықтарды алмастырудан немесе шаңсорғышты сақтауға қоюдан алдын аккумуляторды шығарып қойыңыз.** Осы сақтық шарасы шаңсорғыштың байқаусыз қосылуына жол бермейді.

► **Дұрыс және сенімді істеуі үшін шаңсорғыш пен желдеткіш саңылауларын таза ұстаңыз.**

► **Шаңсорғышты күту немесе тазалауда шаңтұтқыш маскасын киіңіз.**

Сорғыштың корпусын мезгіл-мезгіл дымқыл шүберекпен тазалап тұрыңыз.

Ластанған зарядтау контактілерін құрғақ шүберекпен тазалаңыз.

Шаң жинағышты босату (С суретін қараңыз)

Шаңсорғыш жақсы жұмыс істеуі үшін, (6) шаң жинағышын әр қолданыстан кейін тазалаңыз.

– Шаңсорғышты қалдықтарға арналған контейнердің үстінде ұстаңыз.

- Босату түймесін **(7)** басып, қалдықтар жапқышын **(8)** ашыңыз.
- Шаң жинағышты **(6)** қағыңыз.
- Қалдықтар жапқышы **(8)** өз орнына келетіндей етіп, оны жабыңыз.
- Қажет болса, тұрпайы тазарту сүзгісін **(1)** босатып, айналмалы ауа ағыны **(17)** мен сүзгіні **(16)** тазалаңыз.

Тұрпайы тазарту сүзгісін босату (D1–D2 суретін қараңыз)

- Тұрпайы тазарту сүзгісін **(1)**  бағытында соңына дейін бұрап, одан шаң жинағышты **(6)** алыңыз.
- Тұрпайы тазарту сүзгісі мен шаң жинағышты тиісті контейнерге қағыңыз.
- Тұрпайы тазарту сүзгісі **(1)** мен шаң жинағышты **(6)**  бағытында соңына дейін бұраңыз.

Айналмалы ауа ағыны блогы мен сүзгіні тазалау (E1–F2 суретін қараңыз)

- Шаңсорғышты ашқан кезде шаң шашылып кетпеуі үшін, шаңсорғышты суретте көрсетілгендей сәл төмен ұстаңыз.
- Босату түймесін **(2)** басып, шаң жинағышты **(6)** мотор корпусынан **(5)** шығарып алыңыз (**E1** суретін қараңыз).
- Сүзгі тұтқасынан **(15)** ұстап, айналмалы ауа ағыны блогын **(17)** сүзгімен **(16)** бірге шаң жинағыштан **(6)** алып тастаңыз (**E2** суретін қараңыз).
- Шаң жинағыш **(6)** пен айналмалы ауа ағыны блогын **(17)** контейнерге сілкіп босатыңыз (**E3** суретін қараңыз).
- Айналмалы ауа ағыны блогын **(17)** сүзгімен бірге **(6)** шаң жинағышқа орнатыңыз.
- Сүзгілер бекіткішін **(18)** жоғары басып, сүзгіні **(16)** алып тастаңыз (**F1–F2** суретін қараңыз).
- Шанды тазалау үшін сүзгімен қатты бетті ақырын түртіңіз. Зақымдалған сүзгіні ауыстырыңыз.
- Тазартылған сүзгіні **(16)** айналмалы ауа ағыны блогына **(17)** орнатыңыз.
- Шаң жинағышты **(6)** мотор корпусының **(5)** төменгі жағына іліңіз. Шаң жинағышты мотор корпусына сәл басып итеріңіз.

Сақтау (G суретін қараңыз)

Орын көп алмауы үшін, шаңсорғыштар мен сору керек-жарақтарын сақтау үшін кронштейн **(19)** (керек-жарақ) пайдалансаңыз болады.

Ақаулықтар

Құрылғы дұрыс жұмыс істеуі үшін, шаң жинағыш **(6)** пен тұрпайы тазарту сүзгісін **(1)** жүйелі түрде босатып, айналмалы ауа ағыны блогы **(17)** мен сүзгіні **(16)** тазалап тұрыңыз.

Сору қуаты жеткіліксіз болса, төмендегіні тексеріп шығыңыз:

- Шаң жинағыш **(6)** толып кеткен бе?
▷ Шаң жинағышты босатыңыз.

- Тұрпайы тазарту сүзгісіне **(1)** қоқыс жиналып қалған ба?
▷ Тұрпайы тазарту сүзгісін босатыңыз.
- Айналмалы ауа ағыны блогына **(17)** немесе сүзгіге **(16)** шаң жиналып қалған ба?
▷ Айналмалы ауа ағыны блогы мен сүзгіні тазалаңыз.
- Аккумулятор **(4)** қуаты тым төмен бе?
▷ Аккумуляторды зарядтаңыз.

Бұдан кейін сору қуаты артпаса, **Bosch** клиенттерге қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.

Тұтынушыға қызмет көрсету және пайдалану кеңестері

Қазақстан

Тұтынушыларға кеңес беру және шағымдарды қабылдау орталығы:

Роберт Бош (Robert Bosch) ЖШС

050012 Алматы қ.,

Қазақстан Республикасы

Мұратбаев к-сі, 180

"Гермес" БО, 7 қабат

Тел.: +7 (727) 331 86 00

Тел.: 8 8000 700 270

Сұрақтар қою және қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру кезінде міндетті түрде өнімнің фирмалық тақтайшасындағы 10 таңбалы өнім нөмірін беріңіз.

Кәдеге жарату


Шаңсорғыш, аккумуляторлар, жабдықтар мен орамалар қоршаған ортаны сақтайтын ретте кәдеге жаратуға апарылуы керек.




Аккумуляторлар/батареяларды үй қоқысына тастамаңыз!

Тек қана ЕО елдері үшін:


Пайдалануға әрі қарай жарамайтын электрлік және электрондық құрылғыларды немесе пайдаланылған аккумуляторларды/батареяларды бөлек жинау және қоршаған орта үшін қауіпсіз жолмен кәдеге жарату керек. Белгіленген қоқыс жинау жүйелерін пайдаланыңыз. Қате жолмен кәдеге жарату құрылғы құрамындағы қауіпті болуы мүмкін заттерге байланысты қоршаған орта мен денсаулық үшін қауіпті болуы мүмкін.




2 608 000 667




2 608 000 665




2 608 000 668



2 608 000 669



2 608 000 666



2 608 000 664

Servicekontakte
Service Contacts
Contacts de Service
Contactos de Servicio
Контакты сервисных центров



<https://www.bosch-pt.com/serviceaddresses>

Garantiebedingungen
Guarantee Conditions
Conditions de Garantie
Condiciones de Garantía
Условия гарантии



<https://www.bosch-pt.com/guarantee/202601>